

## **Ақкөл ауданы Ақкөл қаласы құрамдас бөліктерін қайта атау туралы**

Ақмола облысы Ақкөл ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № А-12/344 қаулысы және Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № С 17-5 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 9 қаңтарда № 6305 болып тіркелді.

**Ескерту. Атауы жаңа редакцияда - Ақмола облысы Ақкөл ауданы әкімдігінің 06.06.2018 № А-6/154 қаулысы және Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 06.06.2018 № С 23-1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м і м е н .**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабы 1 тармағы 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 12 бабының 5-1) тармағына сәйкес, қала және Подлесное ауылы халқының пікірін ескере отырып, Ақмола облыстық ономастика комиссиясының 2017 жылғы 24 қазандағы қорытындысы негізінде, Ақкөл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** және Ақкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Ақкөл қаласы келесі құрамдас бөліктері:

1 Октябрьский тұйық көшесін - 1 Шегебай Ұзақбаев көшесіне;

2 Октябрьский тұйық көшесін - 2 Шегебай Ұзақбаев көшесіне;

3 Октябрьский тұйық көшесін - 3 Шегебай Ұзақбаев көшесіне;

4 Октябрьский тұйық көшесін - 4 Шегебай Ұзақбаев көшесіне;

Западная көшесін - Береке көшесіне;

Киров көшесін - Домбыралы көшесіне;

Новорудная көшесін - Домбай көшесіне;

ТУСМ көшесін - Жібек жолы көшесіне;

Фурманов көшесін - Ақниет көшесіне;

Тубгородок көшесін - Астана көшесіне;

Гостиничный тұйық көшесін - Армандастар көшесіне қайта аталсын.

**2. Күші жойылды - Ақмола облысы Ақкөл ауданы әкімдігінің 06.06.2018 № А-6/154 қаулысы және Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 06.06.2018 № С 23-1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

№ 1 Еңбек көшесін – Жұмабек Тәшенев көшесіне;

№ 2 Еңбек көшесін – Сарыжайлау көшесіне;

№ 3 Еңбек көшесін – Армандастар көшесіне қайта аталсын.

3. Осы бірлескен шешім және қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ақкөл аудандық  
мәслихат сессиясының  
төрағасы*

*Ж.Абдин*

*Ақкөл ауданы  
әкімі*

*Т.Едігенов*

*Ақкөл аудандық  
мәслихатының хатшысы*

*Ж.Салыбекова*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК